

**«8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Пансат Жансая Мусилхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Пансат Жансая Мусилхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» атты диссертациялық жұмысы тіл білімі мен мәдениеттің өзара байланысын жан-жақты зерттеуге арналған. Диссертацияда қазіргі заманғы лингвомәдениеттану саласындағы өзекті әрі маңызды мәселелер қамтылған. Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің семантикалық, когнитивтік және мәдени аспектілері кешенді түрде қарастырылып, оның ұлттық дүниетанымдағы орны мен символдық мәні айқындалған.

Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің ұлт мәдениетіндегі мәнін, халық дүниетанымындағы көпқабатты мағынасын қарастыру диссертациялық жұмыстың өзектілігін көрсетеді. Ізденушінің еңбегі тіл мен мәдениеттің өзара байланысын талдауда теориялық және практикалық тұрғыда құнды нәтижелерге жеткен. «Көк» концептісінің тарихи-этимологиялық негізін зерттеу, оның поэтикалық және ономастикалық кеңістіктегі қызметін көрсету, мифолингвистикалық және наным-сенімдік аспектілерін ашу арқылы диссертант қазақ халқының дүниетанымын, рухани кеңістігін және мәдени кодын ғылыми тұрғыда дәлелді түрде сипаттай алған. Сонымен қатар ізденуші «көк» концептінің этномифологиялық мазмұнын ашып, «көк» феномені арқылы түркілік танымның үйлесімді моделін ғылыми деңгейде негіздеген. Диссертацияда «көк» түсінің ұлттық дүниетанымдағы орны мен маңызы, түркі тілдері мен қазақ тіліндегі концептуализация үрдістеріне әсер еткен тарихи-мәдени факторлар кешенді түрде сараланған.

Пансат Жансая Мусилхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» атты диссертациялық жұмысы ұлттық дүниетанымның терең қатпарларын, концепт лингвокеңістігіндегі түр-түс атауларының даму жолын, «көк» концептісінің мағыналық өрісі және танымдық сипатын, қазақ тіліндегі «көк» концептісінің символдық мәнін анықтауға арналған кешенді зерттеу ретінде бағаланады. Зерттеу барысында ізденуші «көк» концептісінің тілдік бейнесін этномәдени, мифологиялық, танымдық тұрғыдан талдай отырып, қазақ халқының рухани кеңістігін, әлеуметтік болмысын, дүниені қабылдау ерекшелігін ғылыми негізде пайымдаған.

Зерттеудің басты мақсаты – қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипатын жан-жақты әрі кешенді түрде зерттеп, оның семантикалық, когнитивтік және мәдени өлшемдердегі ерекшеліктерін



анықтау. Осы мақсатқа жетуде ізденуші «көк» түсінің тарихи және мәдени мәнін тереңінен ашып, түркі тілдері мен қазақ тіліндегі «көк» концептісінің концептуалдануына ықпал еткен факторларды қарастырған. Сондай-ақ, диссертацияда «көк» концептісінің ұлттық дүниетанымдағы орны мен рөлі айқындалған. Диссертацияда әдеби мәтіндер мен этнографиялық деректердің талдануы зерттеудің мазмұнын байытып, нәтижелердің ғылыми құндылығын арттырған.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы ретінде «көк» концептісі табиғатына байланысты лингвомәдени құрылым жүйесі анықталған, ұлттық танымға ие символдық модельдер тілідік деректер негізінде жіктелген. Сонымен қатар, «көк» ұғымының дүниетанымдық деңгейлері, ұлттық санадағы аксиологиялық қызметі, мифопоэтикалық сипаты ғылыми тұрғыда жүйеленіп, қазақ тілінің концептосферасындағы орны нақтыланған. Ізденуші концептінің космологиялық, діни-философиялық, этносимволдық сипаттарын тілдік материалдармен дәлелдеп, оның ұлттық рухани код ретіндегі қызметін нақты дәйектеген.

Диссертацияда «көк» сөзінің тарихи негізі «Көне түркі сөздігі» деректері мен қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері бойынша талданып, оның түркі тілдеріндегі шығу тегі, семантикалық даму жолы және қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер мен фразеологиядағы орны жан-жақты қарастырылған. Бұл тәсіл «көк» концептісінің тарихи-этимологиялық құрылымын дәлелдеуге, оның ұлттық дүниетанымдағы символдық және мәдени мәнін айқындаған.

Жұмыстың практикалық маңызы тіл мен мәдениеттің арақатынасына арналған зерттеулерге, ұлттық идеология мен рухани жаңғыру үдерістеріне, тілдік сананы зерделеуге бағытталған ғылыми бағдарламаларға негіз болады. Зерттеу нәтижелері тіл білімінің когнитивтік, лингвомәдени, этнолингвистикалық бағыттарына әдістемелік тұрғыдан үлес қосып, оқу үрдісінде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік салаларда кеңінен пайдалануға лайық.

Зерттеу барысында ізденуші жалпылама-теориялық топтау, жинақтау, интерпретациялық, этимологиялық, когнитивтік, семантикалық, дискурстық, семиотикалық талдау, этнолингвистикалық талдау, мәтіндік-корпустық талдау, сандық талдау, тарихи-семантикалық, лингвомәдитанымдық, салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы, мифолингвистикалық, символдық – герменевтикалық, салғастырмалы секілді әдістер мен тәсілдер қолданылған. Зерттеу жұмысы аясында «qazcorpus.kz», «<https://sozdikqor.kz/>», дерекқорлармен жүйелі жұмыс жүргізіліп, көк сөзінің корпустық жүйеде кездесуінің жиілігін анықтаған.

Зерттеу жұмысының нәтижелері когнитивтік лингвистика, этнолингвистика және лингвомәдениеттану, тарихи лексикологияның теориялық мәселелеріне өз деңгейінде үлес қоса алады. Диссертация материалдары жоғары оқу орындарында «Когнитивті лингвистика», «Этнолингвистика», «Лингвомәдениеттану» сияқты пәндерді оқытуда және этнолингвистикалық сөздіктер мен әдістемелік құралдар әзірлеуде қолдануға



тиімді. Диссертация тек тіл білімі саласына ғана емес, ұлттық тәрбие, мәдениеттану, философия, әлеуметтану бағыттарына да қатысты маңызды ғылыми-теориялық және практикалық маңызға ие жұмыс. Зерттеудің нәтижелері әдеби-мәдени мұраны жаңаша пайымдауға, ұлттық идея мен сана-сезімді дамытуға елеулі үлес қоса алады.

Қорытындылай келе, Пансат Жансая Мусилхановнаның «Қазақ тіліндегі «көк» концептісінің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы зерттеу еңбегі бүгінгі тіл білімі саласында өзіндік орны бар, маңызды ғылыми және практикалық мәні зор еңбек деп танылып, ізденуші «8D02310–Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылады.

**Ғылыми кеңесші: қауымдастырылған  
профессор, филология  
ғылымдарының кандидаты**



**Г.Б. Мамаева**

